

«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ақ-бұлақ»
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
қызметкерлері арасында өткен семинардың

Х А Т Т А М А С Ы №

Қараағашты ауылы

" 20 " 06 2023ж

Төрайымы: Нарымбетова Нурхан Мадалиевна басшы

Хатшысы - Сугралиева Айман Садуакасовна заң консультанты

Күн тәртібінде: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы

Түлкібас ауданы, Майлықент ауылдық округіне қарасты Қараағашты ауылында орналасқан «Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-ның мәжіліс залында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы туралы мекеме қызметкерлері арасында семинар болып өтті. Ұйым басшысы Нарымбетова Нурхан Мадалиевна семинарды бастамас бұрын, жалпы «сыбайлас жемқорлық» ұғымын жиналған ұжымға түсіндіріп және қазір Елбасымыздың бастауымен жер-жерлерде сыбайлас жемқорлықпен күрес ымырасыз жүріп жатқан іс-шаралардың аясы кеңейіп, нақты істер жүзеге асып жатқандығын атап өтті.

Семинарда "Ақ бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығы заң консультанты Сугралиева А.С. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңына қысқаша түсінік беріп өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін мүмкіндіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасап, әсіресе экономикалық саладағы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне алып келеді. Сыбайлас жемқорлық түрлері: тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қатардағы азаматтар мен шенеуніктердің өзара әрекеттесуі арқылы туындайды.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан жақты талқыланып мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрайымы жиналысты қорытындылап жабық деп жариялады.

Жиналыс төрайымы _____ Нарымбетова Н.М.

Хатшы _____ Сугралиева А.С.